

## Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы N 304 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

"Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру және оларға жүктелген функциялар мен міндеттердің сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында  
**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681  
Жарлығымен.**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкі сметасының (бюджеті) есебінен қамтылған органдардың (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) басшыларына:

1) мыналар:

мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, олардың аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің штат санын қысқарту;

мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі – ұйымдар) штат санының лимиттерін белгілеу;

мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражатты, сондай-ақ ұйымдардың әкімшілік шығыстарын қысқарту туралы шешімдерді дербес қабылдау;

2) мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, олардың аумақтық бөлімшелерінің, ұйымдардың штат санын және олардың қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражатты қысқарту нәтижесінде босаған мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сметасының (бюджетінің) қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үстемеақылар белгілеу жолымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сметасының (бюджеті) есебінен қамтылған мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне төленетін ақыны арттыруға пайдалану құқығы берілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.09.2018 № 745; өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.**

2. Мыналар:

1) алып тасталды - ҚР Президентінің 2010.09.27 N 1072 (2010.11.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен;

2) мемлекеттік органдар қызметкерлерінің санын қысқартқан кезде бекітілген штат санының лимиттеріне сәйкес есептелген, мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражат мөлшері мемлекеттік органдарда тиісті және кейінгі жылдарда сақталады;

3) осы Жарлыққа сәйкес қызметкерлер санының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған кезде өтемақылар төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет және Ұлттық Банкі сметасының (бюджеті) есебінен қамтылған мемлекеттік органның басшысы еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп босайтын қызметкерлерді қайта даярлау және жұмысқа орналастыру бойынша шараларды қабылдайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2010.09.27 N 1072 (2010.11.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.09.2018 № 745 Жарлықтарымен.

3. Мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге көзделген, осы Жарлықтың 2-тармағына сәйкес есептелген және сақталған қаражат тиісті мемлекеттік органдар басшыларының билігінде қалады және олар осы Жарлықтың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген мақсаттарда пайдалана алады.

4. Мемлекеттік органдар осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік органдарға өз қызметкерлерінің 2007 жылғы 1 қаңтарға белгіленген штат санының лимиттерін ұлғайтуды талап ететін қосымша функциялар мен өкілеттіктер беру туралы заң жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуді және шешімдер қабылдауды шектесін;

2) 2008 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Жарлықты іске асыру практикасын талдасын және қажет болған кезде мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын заң жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін;

4) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК